	ЕР	-бет/1 2
	Клиенттер - заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу жөніндегі нұсқаулық	

№ 5 қосымша

ЖЕКЕ КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ, ШАРУА/ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ, ЖЕКЕ НОТАРИУСТАРДЫҢ, ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ, КӘСІБИ МЕДИАТОРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ АДВОКАТТАРДЫҢ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕЗИДЕНТТЕРІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТТАРДЫ АШУЫ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын жеке кәсіпкерлер, шаруа/фермер қожалықтары, жеке нотариустар, кәсіби медиаторлар және адвокаттар (бұдан әрі – Клиент) Банкке мәртебесіне қарай ағымдағы шот ашу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

А) Жеке кәсіпкерлер, шаруа/фермер қожалықтары, жеке нотариустар, жеке сот орындаушылары, кәсіби медиаторлар және адвокаттар - Қазақстан Республикасының резиденттері *:

- ағымдағы шотты ашуға өтініш;
- жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) көрсетілген жеке басын куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты; жеке куәлік, тұруға ықтиярхат);
- қол қою үлгілері және мөрдің баспа-таңбасы бар құжат. Қол қою үлгілері бар құжат Банктің сенімхат негізінде уәкілетті адамы растаған немесе клиенттің қалауы бойынша нотариалды куәландырылған 2 (екі) данада ұсынылады;
- Клиенттің Банкпен өзара қарым-қатынаста Клиентті ұсынатын уәкілетті тұлғалары қол қойған дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім;
- инвестициялық шығындардың өтемақысын есептеу үшін ағымдағы шот ашылған жағдайда клиент қосымша ақшалай талапты басқаға беруге арналған қаржыландыру шартын, концессия шартын және (немесе) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын ұсынады.

Жекеше нотариустар, жеке сот орындаушылары қосымша:

✓ қол қою үлгілері және мөрдің баспа-таңбасы бар құжат. Қол қою үлгілері бар құжатты Банктің сенімхат негізінде уәкілетті адамы растаған немесе клиенттің қалауы бойынша нотариалды куәландырылған 2 (екі) данада ұсынылады;

✓ нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (жекеше нотариустар үшін) не «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасы арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

✓ атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (жеке сот орындаушылары үшін) не «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

Адвокаттар, кәсіби медиаторлар қосымша:

✓ мөрсіз қол қою үлгілері бар құжат. Қол қою үлгілері бар құжатты Банктің сенімхат негізінде уәкілетті адамы растаған немесе клиенттің қалауы бойынша нотариалды куәландырылған 2 (екі) данада ұсынылады;

✓ адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензияның көшірмесі (адвокаттар үшін) не «Е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры арқылы алынған электрондық лицензияның көшірмесі;

✓ медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын сертификаттың көшірмесі (кәсіби медиаторлар үшін);


Шаруа (фермер) қожалықтары:

– қол қою үлгілері және мөр бедері бар құжат (бар болса); Қол қою үлгілері бар құжат Банктің сенімхат негізінде уәкілетті адамы растаған немесе клиенттің қалауы бойынша нотариат куәландырылған 2 (екі) данада ұсынылады.;

Б) Егер клиенттің атынан оның өкілі әрекет ететін болса:

✓ **Қазақстан Республикасының резиденттері - клиенттің өкілдері үшін:**

- жеке басын куәландыратын құжат;
- клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар;

	ЕР	-бет/2 2
	Клиенттер - заңды тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу және жабу жөніндегі нұсқаулық	

✓ **Қазақстан Республикасының резидент еместері - клиенттің өкілдері үшін:**

- жеке басын куәландыратын құжат;
- клиент өкілінің клиенттің атынан ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасауға, оның ішінде клиенттің құжаттарына қол қоюға өкілеттігін растайтын құжаттар;
- егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, резидент емес жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағына келу, кету және болу құқығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында тіркелуін куәландыратын құжат (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 97-бабына сәйкес мүше [мемлекеттің](#) азаматтары (Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Армения Республикасы, Қырғыз Республикасы, Қазақстан Республикасы) мемлекеттік шекараны кесіп өткені туралы шекаралық бақылау органдарының белгілерін қоюға жол беретін жарамды құжаттардың біреуі бойынша ҚР аумағына келген кезде, олардың болу мерзімі келген күнінен бастап 30 тәуліктен аспайтын жағдайда, көші-қон картасын (карточкасын) пайдаланудан босатылады

* 01.01.2017 ж. дейін **тіркелген тұлғаларға жеке кәсіпкерді** (бірлескен жеке кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы немесе куәліктің көшірмесін қосымша ұсыну талап етіледі.

В) ҚКЖ/ТҚ ережесіне № 8 қосымшаға сәйкес сауалнама